

Ақпарат

Мектеп асханасын қадағалау.

Мектеп асханасын күнделікті қадағалау жұмысы жүргізіледі. Күнделікті мектеп асханасына тәуліктік сынама, ақпарат бұрышына ас мәзірі қойылады. Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтылған аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларын сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог күнделікті әр қоңырау сайын қадағалап тұрады.

Мектеп асханасына арналған журналдар уақытылы толтырылады:

- С витаминдеу журналы;
- Бракераждық комиссия құрамының тексеру журналы;
- Дайын тамақтың сапасын тексеру журналы;
- Асхана тазалығын тексеру журналы;
- Оқушылардың тамақтануын тексеру журналы;
- Асханадағы тамақтың сапасын тексеру журналы;
- Асхана шағым журналы;
- Тамақтың органолептикалық журналы.



Ақпарат

2023 жылдың 14 қыркүйегінде 3 сынып оқушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама 5 сұрақ болды. Барлығы 3 сыныптың түгел дерлік оқушыларынан сауалнама алынды. 3-сынып оқушылары 1-2 сабақтың қоңырауында I ауысымда тамақтанады. Сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог күнделікті міндетті қадағалау жұмыстарын жүргізіп отырды.



Қорытынды нәтижесінде:

- 1 – сұрақ бойынша мектепте берілетін тамақ дәмді деп 100% жауап берді.
- 2 – сұрақ бойынша мектептегі тамақ тойымды деп 100% жауап берді
- 3 – сұрақ бойынша мектептегі тамақ күніне қайталанбайды деп 100% жауап берді
- 4 – сұрақ бойынша мектепте жеміс – жидек беріледі деп 100% жауап берді
- 5 – сұрақ бойынша мектептегі ішкен тамаққа ақша төлемейміз деп 100% жауап берді.

Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.

Ақпарат


Мектеп асханасынан оқушылар I және II ауысым бойынша тамақтанады. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны I сыныппен қоса есептегенде 601 оқушыны құрайды.

Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар әр қоңырау сайын келіп тамақтанады, сынып жетекшілері мен жауапты маман ретінде әлеуметтік педагог күнделікті баланың ас мәзірі бойынша тамақтануын қадағалайды.



Ақпарат

«Ас адамның – арқауы» тақырыбында 12.09.2023 жылы күні 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.



Қорытынды нәтижесінде: Сұрақ бойынша мектепте берілетін тамақ дәмді деп 100% жауап берді сонымен қатар ешқандай шағымның жоқтығы анықталды.

Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.

Ақпарат

Сынып жетекшілермен семинар фото.

Мектепте аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларымен және ата-аналарымен байланысты нығайту, жұмысты жандандыру мақсатында әлеуметтік педагогы М.М.Халил дөңгелек үстел өткізді. Сынып жетекшілерге жұмыс барысы, ата – анамен қарым – қатынас жайлы сонымен қатар балаларды асханадан тамақтануын уақытылы қадағалау жайлы түсінік берілді. Сынып жетекшілер ыстық тамақ ішетін оқушылар туралы толық ақпарат біліп, сұрақтарын қойып жауап алды.



Ақпарат

Жаңаөзен қаласы бойынша «№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де жалпы ата – аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың тақырыбы "Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы" болды. Жалпы мектеп ата – ана саны 1034 ата-ананы құрайды, соның ішінде 645 ата – ана қатысты. Жиналыстың мақсаты – бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

«Отан отбасынан басталады» демекші ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата - аналар мен ұстаздар боп атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз! Отбасы - өмірді кемеліне келтіретін, бақыт әкелетін қасиетті мекен. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық.!



Ақпарат

Жәрмеңке ұйымдастыру.


"Жүректен- жүрекке мейірімді жүректер ынтымақтастығы" және «Балалар игілігі үшін» атты 4 – 10 сыныптар аралығында жәрмеңке ұйымдастырылды. Тәттілер жәрмеңкесінде оқушылар белсенділік көрсетіп, өздері әртүрлі тәттілер пісіріп әкелген тәттілерін қолжетімді бағада сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражат 1 отбасын азық түлікпен қамтамасыз етілді.



Ақпарат

Қаңтар айында демалысты ұйымдастыру.

Мектебіміздің оқушылары демалыстауақытында шахмат және тоғызқұмалақ үйірмесіне, сонымен қатар мектептің қазынасы кітапханаға келіп бос уақыттарын тиімді пайдалана білді. Соның ішінде оқушылар мектеп кітапханасынан бастауыш сыныптар ертегі кітаптар, 5 – 10 сынып арасында оқушылар түрлі шығармалармен танысып шықты.



Ақпарат

Денсаулық зор байлық баяндама.

Денсаулық – адамның ең қасиетті де, құнды, қайталанбас, жоғалса қайта орнына қиындықпен келетін, орны толмас асыл қазынасы. Біз осы жаңа ғасырдан күтер үмітіміз көп. Сондай-ақ, қазіргі заманда адам ағзасына тиер залал да жетерлік. Тірі ағзаға тиер экологиялық фактордың әсері осы таңда айтпаса да көзге түскен сүйелдей болып көрініп тұрғаны анық.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз. Аздап ауырсақ, өзіміз білетін дәрі-дәрмектерді ішіп жазылып кетуге тырысамыз. Дәрігерге бара қоймаймыз. Шын мәнінде кез -келген аурудың алдын алуға болады. Ол үшін не істеу керек? Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтаудың спортпен айналысудың маңызы зор.



Ақпарат

Қамқоршылық кеңес жиналысы.

Мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамы беделді кәсіпкерлер, басшылар және ата – ана комитеті мүшелерінен құралады. Қамқоршылық кеңес бұйрығы және жылдық жоспары болады. Қамқоршылық кеңес жиналысы аз өамтылған және көп балалы отбасы балаларына түрлі көмектер қарастырылған кезде жасалады. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңес жиналысы аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына арнайы ұйымдастырылатын жыл сайынға Жаңа жыл шырша тойы қарсаңында ақылдасу мақсатында ұйымдастырылып отырды

